

Бизнес үшін әкімшілік кедергілерді жою, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарының өтуін жылдамдату мен оңайлату жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 13 мамырдағы N 455 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бизнес үшін әкімшілік кедергілерді жою, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарының өтуін жылдамдату мен оңайлату жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 13 мамырдағы
N 455 қаулысымен

бекітілген

Бизнес үшін әкімшілік кедергілерді жою, тауарлар мен көліктік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өтуін жеделдету мен оңайлату жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р / с N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орында- луы үшін жауапты- лар	Орында- л у мерзімі	Қаржы- ланд ыру
1	2	3	4	5	6
1-бөлім. Заңнаманы жетілдіруге бағытталған іс-шаралар					
1.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автотомобильдік өткізу пункттерінде бақылау функцияларын кеден органдарына беруге бағытталған заң жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	Қаржымині (жинақтау), АШМ, ДСМ, К К М , Әділетмині	2008 жылғы мамыр	

	және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу				Талап етпейді
2.	Жүктерді транзиттік алып өтуге (30 күнге дейін) және тірі жануарлардың карантиннен өтуіне (60 күнге дейін) басқа мемлекеттердің қызметтерімен транзиттік келісуді талап ететін рұқсат берулерді қоспағанда, экспорт/импорт үшін қажетті рұқсат беру құжаттарының санын және оларды қарау мерзімін 10 күнге дейін қысқарту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	И С М (жинақтау), АШМ, ДСМ, ІІМ, Қоршаған-ортамині, Қаржымині	2008 жылғы мамыр	Талап етпейді
2-бөлім. Ұйымдастырушылық іс-шаралар					
1.	Бизнес үшін әкімшілік кедергілерді жою, тауарлар мен көліктік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өтуін жеделдету мен оңайлату жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру туралы мәселені шешу	РБК шешімі	ЭБЖМ	2008 жылғы 20 мамырға дейін	Талап етпейді
2.	Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінде Қаржымині КБК ЖБО жұмысын қамтамасыз ету үшін құрылымдық бөлімше құру	бұйрық	Қаржымині	2008 жылғы мамыр	Талап етпейді
3.	Қаржымині КБК ЖБО пайдалана отырып бақылау жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының тәртібін әзірлеу	Бірлескен бұйрық	Қаржымині (жинақтау), АШМ, ДСМ, ІІМ, ККМ	2008 жылғы қыркүйек	Талап етпейді
	2009 жылғы 1 қаңтардан бастап экспортқа және импортқа рұқсат беру	Қазақстан Республика-	Әділетмині (жинақтау),		

4.	құжаттарын Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚО) арқылы беру жөніндегі ұйымдастырушылық іс-шаралар өткізу	сының Үкіметіне ақпарат	ИСМ, Қаржы-мині, АШМ, ДСМ, ІІМ, Қоршаған-ортамині	2008 жылғы желтоқсан	Талап етіледі
3 - бөлім. Ақпараттық-техникалық іс-шаралар					
1.	Басқа бақылаушы органдар үшін қосымша жұмыс орындарын құру мақсатында Қаржымині КБК ЖБО-ны қайта құру және қажетті жабдықтарды сатып алу (жиһаз, ұйымдастыру техникасы және т.б.)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині	2008 жылғы қыркүйек	Талап етіледі
2.	Өткізу пункттерін және кедендік ресімдеу орындарын техникалық жарақтандыру (компьютерлер, сканерлер және т.б.)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині	2008 жылғы желтоқсан	Талап етіледі
3.	Қолда бар байланыс арналарын кеңейту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині	2008 жылғы қыркүйек	Талап етіледі
4.	Мемлекеттік органдардың Бірыңғай көліктік ортаға қол жеткізу нүктелерін дайындау, ақпаратты қорғау құралдарын қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	А Б А (жинақтау), Қаржымині, АШМ, ДСМ, ІІМ, ККМ, Әділетмині, ҰБ (келісім бойынша), "ҰАТ" АҚ	2008 жылғы қыркүйек	Талап етпейді
5.	ЖБО-ның жұмыс терминалдарын министрліктер мен ведомстволардың ақпараттық жүйелеріне қосуды қамтамасыз ету, ақпаратты өңдеуді және беруді бағдарламалық қам-	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині (жинақтау), АШМ, ДСМ, ІІМ, ККМ, Ұ Б (келісім бойынша)	2008 жылғы қараша	Талап етіледі

	тамасыз әзірлеу	етуді			
6.	Қаржымині КБК-нің серверлік орталығын кеңейту (жабдықтар сатып алу және құрылыс монтаждау жұмыстарын жүргізу)	Қазақстан Республика- сының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині	2008 жылғы қыркүйек	Талап етіледі

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау
м и н и с т р л і г і

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Қоршағанортмині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау
м и н и с т р л і г і

ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

Қаржымині КБК - Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті

"ҰАТ" АҚ - Ұлттық ақпараттық технологиялар акционерлік қоғамы

ЖБО - Жедел басқару орталығы